

№2 (20 919)
15 қаңтар,
2026 жыл, бейсенбі



Облыстық қоғамдық-саяси газет

@Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

Атырау

**Сараптама*

Нарықтық экономика – қатал жүйе

ЭКОНОМИКАДА
ӨСІМ БОЛҒАНЫМЕН,
БАҒАНЫҢ ҮЗДІКСІЗ
ӨСУІ, ИНФЛЯЦИЯНЫҢ
ЫРЫҚ БЕРМЕУІ,
ЖАЛААҚЫНЫҢ ТӨМЕНДІГІ
ХАЛЫҚТЫҢ КҮНДЕЛІКТІ
ТҰРМЫСЫНА ӨСЕР
ЕТІП ОТЫР. ЖАҒАҢДЫҚ
САУДА СОҒЫСТАРЫ,
МҰНАЙ БАҒАСЫНЫҢ
ҚҰЛДЫРАУЫ, АРЗАН
ИМПОРТТЫҢ КӨБЕЮІ
ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК
ШЫҒЫҢДАРДЫҢ
ӨСУІ ІШКІ НАРЫҚҚА
ҚЫСЫМ ЖАСАУДА.
ЖАҚЫНДА МЕМЛЕКЕТ
БАСШЫСЫНЫҢ
«TURKISTAN» ГАЗЕТІНДЕ
ЖАРИЯЛАНҒАН
СҰХБАТЫНДА ОСЫНАУ
МАҢЫЗДЫ САУАЛДАР
ҚАМТЫЛҒАН БОЛАТЫН.
ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ
БІЗ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ
ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ
ЖАҚСЫБЕК ҚҰЛЕКЕЕВТІҢ
ОЙ-ПІКІРІН БІЛГЕН ЕДІК.

(Толығырақ 6-7-беттерде)



Коллажды жасаған Дүрген МҰХАМБЕТҒЫЛИЕВ

**Әлеуметтік сала*

Мектеп те, емхана да салынады

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА 7 БАЛАБАҚШАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ, ОНЫҢ ЕКЕУІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. ӨНІРЛЕРДЕ 18 МЕКТЕП САЛЫНЫП ЖАТЫР.

Қала аумағында «Келешек мектеп» ұлттық жобасы аясында 7 мектептің құрылысы толық аяқталып, ел игілігіне тапсырылды. Еркінқала ауылында 600 орындық жалпы білім беретін мектеп пен өнер мектебінің құрылысы аяқталып, нысандарды қабылдау және іске қосу жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулық сақтау саласында Береке және Алмалы ықшамауданында дорігерлік амбулаториялар пайдалануға берілді. Оңалту орталығының құрылысы аяқталды. Сондай-ақ «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында 15 медициналық нысанның құрылысы аяқталып, оның 13-і пайдалануға берілген.

Спорт саласында 3 жаңа спорт кешені ел игілігіне берілді. Қала аумағындағы құрылысы аяқталған 2 мәдениет үйі қызмет көрсетуге дайын.

**Экономика*

Өңірдегі өндіріс

ӨНІРДЕ ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАР МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР САНЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ. ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП БАСҚАРМАСЫ МЕН «ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІНЕ ОЛАРДЫҢ БІРҚАТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ТАНЫСТЫРДЫ.

«Талшықтекес» ЖШС-інде полипропиленді геотекстиль өнімдері шығарылады. Қазіргі уақытта мұнда 40 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал «Assu Company» ЖШС былтыр шағын зауытты іске қосқан болатын. Бұл кәсіпорын Атырау облысында газдалған және газдалмаған сусындар өндіретін алғашқы компания болып саналады. Қазіргі уақытта өндіріс өнірдің ішкі сұранысының 20%-ын қамтамасыз етіп, қуаттылығы жылына 6 млн. бірлікке жетті. Бүгінде өнім Ресей нарығына экспортталуда. Ал алдағы уақытта ассортимент пен экспорттық бағытты кеңейту жоспарланып отыр.

Былтыр өңірде 20 инвестициялық жоба іске асырылып, нәтижесінде 1 320 жаңа жұмыс орны ашылды. Сонымен



қатар 2025–2029 жылдарға жалпы 45 ірі жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

Бүгінде өңірде 70 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, олардың 65 мыңнан астамы тұрақты жұмыс істеп тұр. Ал «Атырау өнімі» өңірлік бағдарламасы аясында 725 жаңа жұмыс орны құрылды.

Өз тілшіміз



ЖАҢА ЖОБА

БЮДЖЕТ



«Кабинеттен шықпайтын әкім емеспін»

ӨТКЕНГЕ КӨЗ ЖҮГІРТПІ, БҮГІНГІ АТҚАРЫЛҒАН ІСТІ ТАРАЗЫЛАП, АЛДА ТҰРҒАН МІНДЕТТЕРДІ АЙҚЫНДАУ – ҚОҒАМ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ӨРІ ЖАУАПТЫ СӨТ. ОСЫ МАҚСАТТА БІЗ АУЫЛ-АЙМАҚ ТЫНЫСЫН, ӘКІМДЕРДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ЕҢБЕГІН, НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСЫН ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЖАҚЫН ФОРМАТТА КӨРСЕТУДІ КӨЗДЕЙТІН ЖАҢА ЖОБАНЫ БАСТАДЫҚ. ҰСЫНЫЛЫП ОТЫРҒАН ЖАҢА ЖОБА «IV БЮДЖЕТ» ДЕП АТАЛАДЫ. БҰЛ ҚҰРҒАҚ ЕСЕП ПЕН РЕСМИ БАЯНДАМАДАН ГӨРІ, ХАЛЫҚТЫҢ ТИІСТІ БЮДЖЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ АШЫҚ ӨРІ ЕРКІН ТАЛҚЫЛАУЫ. Яғни, АДАМ ТАҒДЫРЫ МЕН ЕЛ МҮДДЕСІ ТОҒЫСҚАН НАҚТЫ ІСТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН АШЫҚ АЛАҢ. БАСТЫ ҰСТАНЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ КАБИНЕТТЕН ТЫС, ХАЛЫҚПЕН БЕТПЕ-БЕТ, ӨМІРДІҢ ӨЗ ОРТАСЫНДАҒЫ ШЫНАЙЫ КӨРІНІСІН КӨРСЕТУ. ЕҢ БАСТЫСЫ, ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫҢ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРУ. 2020 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП IV ДЕҢГЕЙГЕ ӨТКЕН БАРЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУПТЕРДІҢ ДЕРБЕС БЮДЖЕТІ ҚАРЖЫЛЫҚ

МҮМКІНДІКТЕРДІ КЕҢЕЙТІП, ӨЗ БЮДЖЕТІНЕ ТІКЕЛЕЙ САЛЫҚ АЛУ АРҚЫЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ ЗОР МҮМКІНДІК БЕРДІ. СОЛ СЕБЕПТІ, АЛҒАШҚЫ САПАРЫМЫЗ АТЫРАУ ҚАЛАСЫНА ҚАРАСТЫ ҚАЙЫРШАҚТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕН БАСТАЛДЫ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ, МӘСЕЛЕСІ МЕН МҮМКІНДІГІ ҚАТАР ӨРІЛГЕН БҰЛ ӨНІРДІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ЖАЙЛЫ ОКРУГ ӘКІМІ РАФХАТ ЖОЛДИЕВТАН СҰРАП БІЛДІК. БАСШЫЛЫҚТАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК, ӨЛЕУЕТТІК ДАМУ, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ТІКЕЛЕЙ ӨСЕР ЕТЕТІН ШЕШІМДЕР – ОСЫНЫҢ БӨРІ ӘКІММЕН ӨҢГІМЕДЕ ТОҒЫСҚАН.

ҚАЙЫРШАҚТЫДА ҚАЗІР ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР? ХАЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС ҚАЛАЙ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН? ТӨРТІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БЮДЖЕТ НАҚТЫ НЕНДЕЙ МҮМКІНДІК БЕРДІ? ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ САУАЛДАРҒА ЖАУАП ІЗДЕДІК.

(Соңы 13-бетте)

**Өзекті*

Әлекке түскен ӘСКЕРИЛЕР

РЕСПУБЛИКА
ПАРЛАМЕНТІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ,
«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ
ФРАКЦИЯСЫНЫҢ
МҮШЕСІ БАҚТЫҚОЖА
ІЗМҰХАМБЕТОВ ӨНІРГЕ
ЖҰМЫС САПАРЫ КЕЗІНДЕ
ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
КОМИТЕТІ ШЕКАРА
ҚЫЗМЕТІНІҢ АТЫРАУ
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ДЕПАРТАМЕНТІНЕ
ҚАРАСТЫ ЖАҒАЛАУ КҮЗЕТІ
ДИВИЗИОНЫНЫҢ ЖЕКЕ
ҚҰРАМЫМЕН КЕЗДЕСТІ...

(Толығырақ 4-бетте)



**Көкейкесті*

ҚАЙ ЖЕРДЕН қателестік екен?!

ҚЫЗЫЛҚОҒА
ДЕГЕНДЕ ҚАУЫМ
ЖҰРТ «ҚАЙМАҒЫ
БҰЗЫЛМАҒАН ҚАЗАҚЫ
ӨНІР», «БІР ҚАЗАННАН
АС ІШКЕН ЖҰРТ» ДЕП
ҰҒАТЫН. БҰЛ ӨНІРДЕ
БІР ҮЙДЕ ҚАЙҒЫ
БОЛСА, ЕКІНШІ ҮЙДЕ
КҮЛКІ ТОҚТАЙТЫН. БІР
БАЛАНЫҢ ЖЫЛАҒАНЫН
БҮКІЛ АУЫЛ ЕСТИТІН.
СОЛ ҚЫЗЫЛҚОҒА
БҮГІН ҮРЕЙМЕН АТАЛА
БАСТАДЫ. ЕҢ АУЫР
ДИАГНОЗ.

(Соңы 5-бетте)



**Цифрландыру*

ЖИ дәуірі:

Адамзат не табады, НЕ ЖОҒАЛТАДЫ?

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН
ЦИФРЛАНДЫРУ – БҮГІНГІ
ҚОҒАМДАҒЫ ЕҢ ӨЗЕКТІ
ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРІ. БҰЛ
ҚҰБЫЛЫСТЫ БІРЕУ ДАМУ ЖОЛЫ
ДЕСЕ, ЕНДІ БІРІ ЖАҢА СЫН-
ҚАТЕРЛЕРДІҢ БАСТАУЫ РЕТІНДЕ
ҚАБЫЛДАЙДЫ. ҚАЛАЙ БОЛҒАНДА
ДА, ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
АДАМ ӨМІРІНІҢ БАРЛЫҚ
САЛАСЫНА ЕНІП, КҮНДЕЛІКТІ
ТҰРМЫС-ТІРШІЛІКТІ АЖЫРАМАС
БӨЛГІНЕ АЙНАЛДЫ...

(Толығырақ 10-11-беттерде)

